

«Бекітілді»

№ 19 ОМ КММ директоры

Шабаров Ж.М.



«Келісілді» ДТІЖО

Аяпбергенова С.М. Аяпбергенова

« 31 » август 2022ж

**«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ» өзін-өзі басқару
ұйымының 7 бағыты бойынша 2022 -2023 оқу
жылына арналған жұмыс жоспары**

Ақтөбе қаласы

Мақсаты мен міндеттері

«Парламенттің» мақсаты:

- Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Парламенттің» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Басым бағыттары:

1. «Зерде» (танымдық) бағыты
2. «Руханият» (адамгершілік , адалдық) бағыты
3. «Отан» (патриоттық) бағыты
4. «Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты
5. «Еңбек » (еңбексүйгіштік , іскерлік) бағыты
- 6.« Экозем » (экологиялық) бағыт
- 7.« Жеті жарғы » (құқықтық) бағыты

«Зерде» (танымдық) бағыты бойынша – «ұйым мүшелерінің» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл- ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, туындаған мәселелерді шешу , жоспар құру және өзіндік өмірлік іс-әрекеттерінді басқаруға, бүгінгі жаңа ғылыми дүниетанымды иегеруіне, балалардың интеллектуалдық ойындарға, дебаттарға, олимпиадаларға, жобаларға және зерттеу жұмыстарына қатысуына әсер ететін бағыт. Өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманға ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабақтан уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін жан-жақты көзқарасының кеңейуін жетілдіруге, үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін шараларды қамтиды.

«Зерде» (танымдық) бағыты бойынша жылдық жоспар

№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	1-Қыркүйек білім күні Алғашқы қоңырау «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Анықтама	Қыркүйек	Мерекелік іс – шара	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
2	Мектептерде ұялы телефондарға рұқсат беру керек пе ?	Анықтама	Қыркүйек	Дебат	Ұйым мүшелері
3	Оқушылардың формасын, сабақ үлгерімін, оқулықтарды, күнделіктердің тазалықтарын тексеру	Анықтама	Үнемі	Рейд жүргізу	Тәлімгер , Ұйым мүшелері

4	«Мектеп Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының топ басшыларын тағайындау, міндеттерін бөліп беру. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданған жалпы оқушылардың тізімін жасау, кеткен оқушыларды анықтау	Тізім анықтау Анықтама	қыркүйек	Анықтама	Тәлімгер Ұйым мүшелері
5	ҚР Халқының тілдері күніне орай «Туған тілім тірлігімнің айғағы» мәнерлеп оқу байқауы	Анықтама	қыркүйек	Байқау	Тәлімгер Ұйым мүшелері
6	Отбасы күніне орай «Қоқыстан қалдық қалмасын» отбасылық жарыс	Анықтама	Қыркүйек	Бейнеролик байқауы	Тәлімгер Ұйым мүшелері
7	«Қазыбек бидің қасиеттері мен өсиеттері»	Анықтама	Қазан	Отырыс	Қазақ тілі бірлестігі Тәлімгер
8	«Көшбасшы» интеллектуалды ойыны	Анықтама	Қараша	Сайыс	Тәлімгер Ұлан басы
9	«Екі жұлдыз» (Ұстаз бен оқушы)	Анықтама	Желтоқсан	Сайыс	Тәлімгер Ұйым мүшелері
10	Қазыбек бидің 355 жылдығына орай «Халқына пана болған кемеңгер» атты дөңгелек үстел	Анықтама	Қаңтар	Дөңгелек үстел	Тәлімгер Ұйым мүшелері
11	«Мектеп сұлтаны – 2023»	Анықтама	Ақпан	Байқау	Тәлімгер Ұйым мүшелері
12	1-сәуір «Күлкі витамин»	Анықтама	Сәуір	Сайыс	Тәлімгер Ұйым мүшелері

«Руханият» (адамгершілік , адалдық) бағыты бойынша – «жасұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық, бейнелеу- эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктерінді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға, қоғамның қазіргі құрылымын түсінуге және осы қоғамда әлеуметтік- адамгершілік құндылықтар және әлеуметтік бағыттар негізінде қызмет етуге мүмкіндік беретін бағыт. Балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие боуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен парасаттылық қасиеттерін сіңдірту. Жақсылық атаулыға деген арттырып, жамандыққа жол бермейтін ата- ана, туыс, достар, ұжым, халық, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық,, адамгершілік ұстанымдарды берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

«Руханият» (адамгершілік , адалдық) бағыты бойынша жылдық жоспар

№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	Ұстаздар күніне «Ұстазым менің ұстазым» атты мәдени іс – шара ұйымдастыру	Анықтама	қазан	Концерттік бағдарлама	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
2	Д.Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай «Дәуір данасы» атты ескешарасы	Анықтама	Қараша	Роликтер дайындау	Қазақ тілі бірлестігі Тәлімгер
3	«Келдің міне ,Жаңа жыл!»	Анықтама	Желтоқсан	Концерттік бағдарлама	Тәлімгер, Ұйым

					мүшелері
4	«Кешірім қалай сұрау керек?» оқушылар арасында сауалнама жүргізу	Анықтама	қаңтар	Сауалнама	Тәлімгер , Ұйым мүшелері Социологтар
5	8-наурыз мерекесіне орай концерттік шара «Көктем аруы– 2023»	Анықтама	Наурыз	Концерт Байқау	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
6	«Қош келдің, Әз –Наурыз!» Ұлыстың ұлы күні мерекелік шара	Анықтама	Наурыз	Концерттік бағдарлама	Тәлімгер Ұйым мүшелері
7	«Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны	Анықтама	Мамыр	Салтанатты жиын	Тәлімгер Ұйым мүшелері

«Отан» (патриоттық) бағыты бойынша – «жасұландықтардың» санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына , толеранттылық пен патриоттық , отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі. мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт . Отанымыз Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму , нығайту жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шетелде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам – мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолдану аясын кеңейтуне бағытталған шараларды қамтиды.

«Отан» (патриоттық) бағыты бойынша жылдық жоспар

№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жылдығына орай «Тіл білімінің атасы» атты әдеби кеш ұйымдастыру	Анықтама	Қыркүйек	Әдеби кеш	Қазақ тілі бірлестігі Тәлімгер
2	М.Әуезовтың 125жылдығына арналған «Асқар тау алыстаған сайын айқын көріне түседі...» атты шара	Анықтама	Қыркүйек	Әдеби кеш	Қазақ тілі бірлестігі Тәлімгер
3	«Жас Ұлан» ұйымының «Ұланбасы» сайлауын өткізу	Анықтама	Қыркүйек	Сайлау	
4	Қарттар күніне «Қарттарым –асыл қазынам» атты шара	Анықтама	Қазан	Құттықтаулар	Тәлімгер
5	М.Мәметова және Т. Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған «Қазақтың текті қырандары» атты дөңгелек үстел	Анықтама	Қазан	Дөңгелек үстел	Қазақ тілі пән бірлестігі ұйым мүшелері
6	«Қайырымдылық жасауға асығайық!» Қарттарға көмек көрсету акциясы	Анықтама	Қазан	Акция	Тәлімгер Ұйым мүшелері
7	Халық қаһарманы Ғ.Байтасовты еске алу «Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран»	Анықтама	Қараша	Дөңгелек үстел	Тәлімгер Ұйым мүшелері

8	«Аты аңызға айналған қазақ қызы» Р.Бағланованың 100 жылдық мерейтойына әдеби кеш	Анықтама	Қараша	Әдеби кеш	Ұйым мүшелері
9	«Мемлекеттік рәміздердің мәртебесі»	Анықтама	Желтоқсан	Дөңгелек үстел	Тәлімгер Ұйым мүшелері
10	«Ауғанстан ардагерлеріне тағзым!» тақырыбында ауған соғысы ардагерлеріне арналған мерекелік іс-шара	Анықтама	Ақпан	іс шара	Тәлімгер АӨД Ұйым мүшелері
11	1-Наурыз Алғыс айту күні «Алғыс айту – парызым!»	Анықтама	Наурыз	Концерттік бағдарлама	Тәлімгер Ұйым мүшелері
12	Ғ.Байтасов еске алу күніне орай «Ерлікке тағзым»	Анықтама	Сәуір	Ерлік сабақтары	Тәлімгер Ұйым мүшелері
13	12 – сәуір «Ғарышкерлер күні»	Анықтама	Сәуір	Сурет көрмесі	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
14	7 мамыр «Отан қорғаушылар күні»	Анықтама	Мамыр	Мерекелік концерт	Тәлімгер Ұйым мүшелері
15	Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған «Ерлік – елге мұра-ұрпаққа - ұран» (саптық шеру,мерекелік сазды бағдарлама) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне гүлшоқтарын қою	Анықтама	Мамыр	Мерекелік концерт	Тәлімгер Ұйым мүшелері
16	Аудандық , қалалық мұражайларға саяхат	Анықтама	Мамыр	Саяхат	Тәлімгер Ұйым мүшелері

«Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт. Ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды меңгертетін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын іс-шараларды қамтиды.

«Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты бойынша жылдық жоспар

№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	«Денсаулық фестивалі - 2022» аясында спорттық іс-шара	Анықтама	Қыркүйек	Спорттық іс – шара Марафон	Тәлімгер 5-9 сыныптар
2	«Мектептерде зиянды тағамдарға тиым салу керек»	Анықтама	Қыркүйек	Дебат	Ұйым мүшелері
3	«Жас Қыран» буыны арасында «Көңілді спорттық ойындар»	Анықтама	Қазан	Жарыс	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
4	«Жастар есірткісіз өмірді қолдайды»	Анықтама	Қараша	Плакаттар байқауы	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
5	«Толағай» спорттық жарыс (5 -6 сыныптар арасында)	Анықтама	Желтоқсан	Жарыс	Дене шынықтыру пән мұғалімдері

6	«Біз тәуелсіздік қырандары» флешмоб би жарысы	Анықтама	Қаңтар	Жарыс	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
7	«Ұлттық ойын – ұлы мұрам!» Асық ойынынан жарыс	Анықтама	Ақпан	Жарыс	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
8	7 сәуір Дүние жүзілік денсаулық күні «Дені саудың - жаны сау»	Анықтама	Сәуір	Іс - шара	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
9	«Көңілді мәре» эстафеталық жарыс	Анықтама	Мамыр	Жарыс	Тәлімгер , Ұйым мүшелері

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт. Жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін, қоғамдық негізде қйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еібек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрету. Туған өңірінде ір кезеңде еңбегімен танымал болған, атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып, оны мақтаныш етуге, өнер түрлері және еңбек рахатын, сқлулығын сезіне білуге ықпал ететін шаралар қамтиды.

«Еңбек» бағыты бойынша жылдық жоспар

№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	«Күнделік- оқушы айнасы»	Анықтама	Үнемі	Күнделік тексеру	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
2	«Менің аулам! Менің мектебім!»	Анықтама	Қыркүйек	Сенбілік	Тәлімгер, сынып жетекшілер
3	«Мен аспазшы болғым келеді » (5 – 8 сыныптар арасында байқау)	Анықтама	Қараша	Байқау	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
4	«Ұлттық қолөнер –тәрбие көзі»	Анықтама	Қаңтар	Көрме	Ұйым мүшелері
5	«Барлық оқушылардан тігіншілікті талап ету керек пе?»	Анықтама	Қаңтар	Дебат (пікірталас)	Ұйым мүшелері
6	«Жарнама жасау өнері» оқушылар арасында блогерлік байқау ұйымдастыру	Анықтама	Ақпан	Байқау	Ұйым мүшелері
7	«Құстар - табиғат байлығы» сурет байқауы	Анықтама	Сәуір	Байқау	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
8	«Еңбек бәрін де жеңбек»	Анықтама	Мамыр	Сенбілік	Тәлімгер , Ұйым мүшелері

«Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты- мектеп Жарғысын,оқушыларға арналған мінез –құқық ережелерін білуге,оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметтеп карауға , жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

«Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты бойынша жылдық жоспар

№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	«Абайлаңыз, балалар!» Жол апатының алдын-алу акциясы	Анықтама	қыркүйек	Акция	Тәлімгер
2	Ереже- мектептің негізгі заңы, мінез- құлық ережемен таныстыру.	Анықтама	Қыркүйек	Жиналыс	Тәлімгер Сын жетекшілер
3	«Жас Ұлан» ұйымының топбасшылар жиынын өткізу	Хаттама	Әр ай сайын	Кеңес отырысы	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
4	1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай арналған іс-шара	Анықтама	караша	Мерекелік концерт	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
5	Тәуелсіздік күніне орай «Ата -баба арманы - Тәуелсіздік» салтанатты жиынын «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау	Анықтама	желтоқсан	Іс - шара	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
6	«Құқықтық сана – қауымға пана»	Анықтама	Қаңтар	Дөңгелек үстел	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
7	«Жас жол инспекторлары»	Анықтама	Сәуір	Слет	Тәлімгер, Ұйым мүшелері
8	1 мамыр Ынтымақ күніне орай «Ел бірлігі – достық бастау» Оқушыларды ұйымға қабылдау	Анықтама	Мамыр	Іс - шара	Тәлімгер, Ұйым мүшелері

«Экоәлем» (экологиялық) бағыты-табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды

«Экоәлем» (экологиялық) бағыты бойынша жылдық жоспар					
№	Іс-шаралар атауы	Қорытынды	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
	«World Cleanup day» «Дүниежүзілік тазалық күні» акциясы	Анықтама	Қыркүйек - Қазан	Сенбілік	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
1	«Арайлы, алтын күз»	Анықтама	Қазан	Мерекелік күзгі бал кеші	Тәлімгер, сынып жетекшілер
2	«Күздің кереметі»	Анықтама	Қазан	Қолөнер көрмесі	Тәлімгер , Ұлан басы
3	«Менің Отаным - Қазақстан»	Анықтама	Қараша	Сурет көрмесі	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
4	«Экологияның басқа ғылымдармен байланысы»	Анықтама	Қаңтар	Дөңгелек үстел	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
5	«Өскен өңір!» көгалдандыру акциялары	Анықтама	Наурыз	Сенбілік	Тәлімгер , Ұйым мүшелері
6	«Мектеп ауласын гүлдендірейік »	Анықтама	Сәуір	Сенбілік	Тәлімгер, Ұйым мүшелері